



«БЕКІТЕМІН»  
ҚР ғұжыры «Ұлттық тестілеу  
орталығы» РМҚК директоры  
Р.Т. Емелбаев  
» 2023 ж.

**«Математика» пәні бойынша  
Педагогтердің білімін бағалауға арналған  
тест спецификациясы**  
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалырын әзірлеу.
- 2. Міндепті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Тест мазмұны:** «Математика» пәні бойынша педагог қызыметкерлерді аттестациялауга арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Рационал тендеулер. Рационал теңсіздіктер және олардың жүйелері	01	Бөлшек-рационал теңдеу және теңсіздік . Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген теңдеу және теңсіздік. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер және олардың жүйелері. Квадрат теңсіздіктер және олардың жүйелері.
02	Көрсеткіштік, логарифмдік және иррационал өрнектер	02	Көрсеткіштік өрнектерді тепе-тен түрлендіру. Логарифмдік өрнектерді тепе-тен түрлендіру.
		03	Иррационал өрнектерді тепе-тен түрлендіру. Арасынан есептер.
03	Тригонометриялық тендеулер және олардың жүйелері	04	Тригонометриялық тендеулер және олардың жүйелері.
		05	Тригонометриялық теңсіздіктер және олардың жүйелері. Арасынан есептер.
04	Түннің және оның қолданылуы	06	Күрделі функцияның туындысы. Функцияның кризистік нүктелері. Функцияның экстремум нүктелері. Функцияның экстремумдары. Функцияның есү және кему аралықтары. Функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері.
		07	Функция графигіне жүргізілген жанама. Функцияны туындының көмегімен зерттеу және оның графигін салу. Арасынан есептер.
05	Алғашқы функция және интеграл	08	Анықталған интеграл. Ньютона-Лейбница формулаласы. Қисықсызықты трапеция ауданы.

06	Планиметрия. Үшбұрыш және оның ауданы. Төртбұрыштар және олардың аудандары. Шеңбер және дөңгелек. Дұрыс көпбұрыштар	09	Үшбұрыштың ауданы. Төртбұрыштар: параллелограмм, тіктөртбұрыш, ромб, квадрат, трапеция. Төртбұрыштардың аудандарын есептеу. Шеңбер (центр, радиус, диаметр, хорда). Центрлік бұрыш. Иштей сызылған бұрыш. Шеңбер және шеңбер дөгасының ұзындығы. Шеңбердің теңдеуі. Шеңберге іштей және сырттай сызылған көпбұрыштар.
07	Стереометрия. Кеңістіктең түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы. Көпжақтар, олардың аудандары мен көлемдері. Айналу денелері, олардың аудандары мен көлемдері	10	Көпжақтардың бүйір беті және толық бетінің аудандары. Көпжақтардың көлемдері. Цилиндр. Конус. Қылқонус. Айналу денелерінің кималары. Айналу денелерінің бүйір беті және толық бетінің аудандары. Айналу денелердің көлемдері. Шар. Сфера. Сфераның ауданы. Шар көлемі. Аралас есептер.
08	Координаталар әдісі. Жазықтықтағы және кеңістіктең векторлар	11	Планиметриялық және стереометриялық есептерді шыгаруда векторлар мен координаталар әдісін колдану.

Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б.)

#### 4. Пән мазмұны:

**Тригонометрия:** негізгі тригонометриялық тепе-тендіктерді, келтіру, қосу, қос бұрыштың және жарты бұрыштың, дәрежені төмендету формулаларын, тригонометриялық функциялардың қосындысы мен айырымын көбейтіндігі және көбейтінділерін қосындыға түрлендіретін формулаларын тригонометриялық өрнектерді түрлендіруде және тепе-тендіктерді дәлелдеуде колдану.

**Функция, туынды, интеграл:** функция графигін оқу, функцияның анықталу облысы мен мәндер жиынын, периодын, нөлдерін, танбатұрақтылық аралықтарын табу; функцияның графигіне жүргізілген жанаманың теңдеуін колдану; туынды көмегімен функцияның өсу және кему аралықтарын, кризистік нүктелерін, экстремум нүктелері мен экстремумдарын, ең үлкен және ең кіші мәндерін табу; алғашқы функцияны табу; қисықсызықты трапеция ауданын есептеу; Ньютон-Лейбниц формуласын колдану; анықталған интегралдың көмегімен жазық фигураның ауданы мен айналу денесінің көлемін табу.

**Планиметрия:** үшбұрыштың, төртбұрыштардың, дұрыс көпбұрыштардың қасиеттерін колданып олардың белгісіз элементтерін табу; Пифагор теоремасын, тікбұрышты үшбұрыштың қабырғасы мен бұрыштары арасындағы қатынастарды, косинустар мен синустар теоремасын колдану; үшбұрыштар ұқсастығын есептер шыгаруда колдану; көпбұрыштарға, дұрыс көпбұрыштарға іштей және сырттай сызылған шеңбер радиусын табу; шеңбер ұзындығы, шеңбер дөгасының ұзындығы, дөңгелек және сектор аудандарын есептеу.

**Стереометрия:** стереометрия есептерін шыгаруда түзулер мен жазықтықтардың параллельдігі мен перпендикулярлығының қасиеттерін колдану; көпжақтар мен айналу денелерінің,

беттерінің аудандары мен көлемдерін, қима ауданын табу.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қындығы:** Тест тапсырмаларының қындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (A) – 25 %; орташа деңгейде (B) – 50 %; жоғары деңгейде (C) – 25 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең тәменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты тандауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмасын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа – 2-2,5 минут.

**8. Бағалау:** Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

**9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

1. А.Е.Әбылқасымова, З.Ә. Жұмагұлова, Алгебра және анализ бастамалары: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық, Алматы: «Мектеп», 2019 ж.

2. А.Е.Әбылқасымова, З.Ә. Жұмагұлова, Алгебра және анализ бастамалары: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық, Алматы: «Мектеп», 2020ж.

3. В.А.Смирнов, Е.А.Тұяқов, Геометрия: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық, Алматы: «Мектеп», 2019 ж.

4. В.А.Смирнов, Е.А.Тұяқов, Геометрия: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық, Алматы: «Мектеп», 2020 ж.

5. А.Н.Шыныбеков, Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық, Алматы: «Атамұра», 2016ж.

6. А.Н.Шыныбеков, Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық, Алматы: «Атамұра», 2013ж.

7. А.Н.Шыныбеков, Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық, Алматы: «Атамұра», 2019ж.

## «КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігінің  
Техникалық және кәсіптік  
білім департаменті

*Жұмат*  
(көлік)

(Т.А.Ә)

«\_\_\_» 202\_\_ ж.

Хашкы,

*Алғашқы* *Рұмасов* *МК* *С.А.*